

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары»  
**Х А Т Т А М А С Ы № 4**

Сарыағаш қ.

«26» 04.2024ж.

**Жиналыс төрағасы:** Б.Оспанов - басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

**Хатшы:** М.Хасенов - мүлік есепшісі.

**Қатысқан қызметкерлер саны:** «33»

**Күн тәртібінде:**

- «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы) ақпараттық түсіндірме жұмысы.

**Төрағалық етуші Б.Оспанов:** осы жиналысты ашық деп жариялап, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп отырғанын еске салып, «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ мекеме ішінде жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпараттық түсіндірме беру үшін мекеменің комплаенс-қызметкері Н.Садырбайға сөз берді.

**Мекеме комплаенс-қызметкері - Н.Садырбай:** Құрметті ұжымдастар, өздеріңізге белгілі мекемемізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітілген.

Аталған жоспарға сәйкес бүгінгі түсіндіру жұмыстарының тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының талаптарына ақпараттық түсіндірме жүргізу.



Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандағы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады.

Осыған байланысты, мекемемізде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және онымен үнемі күресу бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда және де 2024 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» үлгілік базалық бағытын іске асыру мақсатында мекемемізде сыбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып келетінін және атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріліп, тиісті хаттамалар түзілетінін айтып өтті.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен тыныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды түсіндірме берді.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға зияны өте көп екендігін ескерте келе, жемқорлықпен күресуді жалпы баршамыздың міндетті борышымыз екендігін айтып көрсетті.

Жиналыс соңында күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Б.Е.Оспанов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Б.Е. Оспанов

Хатшы:

М.Хасенов



«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары»  
Х А Т Т А М А С Ы № 5

Сарыағаш қ.

«24» 06.2024ж.

**Жиналыс төрағасы:** Б. Оспанов - басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары.  
**Хатшы:** Ж. Алманова – мамандар бөлімінің басшысы.

**Қатысқан қызметкерлер саны:** «42»

**Күн тәртібінде:**

- «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-нің 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (23.11.2015 жс. № 414-І ҚРЗ) (бұдан әрі - Кодекс) түсіндірме жұмысы.

**Төрағалық етуші Б.Оспанов:** Құрметті бүгінгі жиынға қатысушылар, өздеріңізге белгілі біздің кәсіпорнымызда бекітілген жоспарға сәйкес үздіксіз құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Осыған орай, бүгінгі жиналыстың тақырыбы өте маңызды екенін ескеріп, айтылған құқықтық нормаларды терең ұғынып, күнделікті жұмыста заң бұзушылықтарға жол бермеуді ескерте отырып, тақырып бойынша түсіндірме беру үшін кәсіпорынның комплаенс-қызметкері Н.Садырбайға сөз берді.

**Мекеме комплаенс-қызметкері - Н.Садырбай:** Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі мекемемізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында 2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітілген.

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 23.11.2015 жылы қабылданып, 1 қаңтар 2016 жылдан бастап қолданысқа енгізілген.

Әрбір заңның мақсаты мен міндеттері болады. Кодекстің 3-бабында еңбек заңнамасының мақсаты мен міндеттері қарастырылған.

Еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды еңбек қатынастары тараптарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге бағытталған құқықтық реттеу болып табылады.

Ал, міндеттері еңбек қатынастары тараптары мүдделерінің теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылыққа, қоғамдық келісімге бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау болып табылады.

Негізгі ұғымдардың бірқатарына тоқталар болсақ:

- Еңбек - адам мен қоғамның өмір сүру және қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі;



- еңбек қатынастары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

- еңбекке ақы төлеу – осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;

- еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер (жұмыскерлер) мен жұмыс беруші (жұмыс берушілер), оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болғандар арасындағы келіспеушіліктер;

- еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

- еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, жұмыскерлердің қорғалуының жай-күйі;

- еңбек қауіпсіздігі жағдайлары – жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі;

- еңбек міндеттері – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актісінде, қабылдаушы тараптың актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері;

- еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

- жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

Құрметті әріптестер, әр біріміз өз қызметтік міндеттерімізді тиісті түрде орындап, ұжымда еңбек қатынастарын және тәртібін қатаң сақтап, жоғары деңгейде кәсіби қызмет көрсетуіміз қажет.

Жиналыс соңында күн тәртібіндегі тақырып жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Б.Оспанов жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:

Б. Оспанов

Хатшы:

Ж. Алманова